

ӘОЖ 34:001.53 (100)

Д.Қ.Райбаев

ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
(E-mail: maigul.balgozhina@mail.ru)

Экстремизм мен терроризмге қарсы күрестегі халықаралық тәжірибе

Мақала халықаралық деңгейде тиісті шешімін таппай жатқан, жалпы адамзат баласы үшін қауіп туғызушы жағымсыз құбылыс болып табылатын діни экстремизм және терроризммен күрестегі халықаралық тәжірибені қарастыруға арналған. Зерттеуші Батыс Еуропа мен Шығыс елдерінің және Орталық Азия мемлекеттерінің діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы күрес жүргізу және оның алдын алуға байланысты заңнамаларын шолып, әр мемлекет заңнамасындағы өзіндік ерекшеліктерді көрсетуге қадам жасады. Сондай-ақ діни экстремизм мен терроризмді халықаралық деңгейде алдын алу бойынша ұсыныстар берді.

Кілт сөздер: діни экстремизм, қол сұғушылық, нәсілшілдік, қылмыстық жауапкершілік, қауіпсіздік кеңес, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, жеке тұлға, қылмыстық жаза.

Бүгінгі таңда экстремизм және оның кез келген нысанымен күрес жаһанды халықаралық міндет болып табылады. Экстремизмге қарсы күрес жүргізу бойынша халықаралық құқықтық актілер мен шет мемлекеттердің заңнамалық базасы үлкен қызығушылық тудыруда.

Кейбір шет мемлекеттерде нәсілдік сөздер сөйлеуге, нәсілдік насихат пен адамның діни наным-сенімі ұлты негізінде жеккөрушілік немесе менсінбеушілік білдіретін алауыздық немесе арандатушылық туғызатын сөздер сөйлеп, өтініштер жасауға тыйым салатын заңдар бар.

Зерттеушілердің пікірлері бойынша, Канада, Дания, Франция, Германия мен Нидерландыдағы діни алауыздық пен дінге сенушілердің діни сезімдерін кемсітуді қоздыруға (бірқатар елдерде бұл әрекеттер — *hate speech* — «жауыздық сөзі» деп аталады) тыйым салатын заңдарды қолдану тәжірибесі ұқсас — барлық жерде бұл заңнамалар қылмыстықпен қатар, азаматтық жауапкершілікті де қарастырып, жеке тұлғалардың ар-ұятын қорғауға бағытталып, белсенді қолданылады [1].

Канада, Дания, Франция мен Нидерландыда қабылданған заңдар діни топтармен қатар нәсілі, ұлттық және этникалық шығу тегі бірдей топ мүшелерін қорғауды қамтамасыз етеді. Адамның діни сезімдеріне кемсіту жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы заң Нидерланды [2] және Канада [3] мемлекеттерінде қабылданған.

Қазіргі таңда нәсілшілдікке қарсы күрес жүргізуші ұйымдарға Орталық және Шығыс Еуропа, Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың 60 үкіметтік емес ұйымдары жатады. Олардың ең ірісі Еуропа кеңесінің нәсілшілдікке қарсы комитеті болып табылады.

Канадада бұл құқықбұзушылық жалпы құқықта қарастырылғандықтан, жеке тұлғаның діни сезімін кемсітуге байланысты жауапқа тарту үшін, ол қоғамдық тыныштыққа қауіп төнгендігі туралы дәлелдеме беруі керек.

Франция нәсілдікпен күрес жүргізуші үкіметтік емес ұйымдардың нәсілдік әрекеттері үшін адамдарды азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен қатар қылмыстық жауапқа тартып, іс қозғау құқықтары бар. Мұндай істердің басым бөлігін нәсілшілдікке қарсы күрес жүргізуші ұйымдар қозғайды. Ал Германия, Нидерланды және Канада сияқты мемлекеттердің заңнамасында жеке

ұйымдарға мұндай кең мүмкіндіктер беру қарастырылмаған. Францияда экстремистік ұйымдар өз белсенділіктерін арттырып, лаңкестілік актілер саны да өсу үстінде. Олардың Қылмыстық кодексінде алдын алу әдістері қолданылатын тұлғалар саны айтарлықтай кеңейтілген. Қылмыстық жауапкершілік субъектілеріне жеке тұлғалармен қатар, заңды тұлғалар да жатады.

Францияның №86–1004 «Тұлғаларды тексеру туралы» Заңына өзгерістер енгізіліп, онда Франция еліне келген, қоғамдық тәртіпке немесе елдің қоғамдық қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін тұлғаларды, сонымен қатар француз билігіне күмән туғызған тұлғаларды арнайы тексеруден өткізу тәртібі қарастырылған. Заңда артық формалдылық алынып тасталып, тексеру процедуралары жеңілдетілген, саусақ іздерін фотоға түсіруге және алуға мүмкіндік беріліп, жарылғыш, уландырғыш немесе басқа да адам өміріне тікелей қауіп туғызушы заттары бар деп болжамдалған тұлғаларды ұстау шаралары белгіленген.

Террористік актілерді көп жағдайда шетелдік азаматтар жасайтын болғандықтан, адамдар арасында қобалжу тудырушы тұлғалар, егер де билік олардың мемлекетте болуы ел азаматтары үшін қауіпсіз емес деп санаған жағдайда шет ел азаматтарын елден шығару қылмыстылықтың алдын алу шарасы ретінде мойындалады. Мемлекет үшін тиімді емес деген шетел азаматтарын Франция аумағынан қудалау Францияның №86–1019 «Шетелдіктердің Францияға кіру және болу шарттары туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Франция заңнамасында құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықта жұмыс істеуге тарту шаралары да бекітілген. 1986 жылғы 2 қазанда қабылданған №86-1019 «Қылмыстық әрекеттермен күрес туралы» Заңға сәйкес қылмыстық топты әшкерелеуге немесе сыбайластарын ұстап беруге көмектескен тұлға жауапкершіліктен босатылады.

Францияның № 86–1026 «Терроризммен және мемлекеттік қауіпсіздікке қол сұғушылықпен күрес туралы» Заңында террористік қылмыс жасағаны үшін толығымен немесе жартылай жазасынан босату жағдайлары қарастырылған (6-б.). Мысалы, егер жазаланушы тұлға (егер оның әрекет құрамында басқа қылмыс болмаған жағдайда) құқық қорғау органдарына дайындалып жатқан қылмыс туралы хабарлап, террористік актіні болдырмау үшін барлық күшін салса және қажет болған жағдайда террористік актіге қатысушыларды анықтауға көмектесе, ол жазадан толығымен құтылады.

Францияда террористік қылмыстар жасағаны үшін өмір бойы абақтыға жабу жазасы қолданылады, бірақ құқық қорғау органдарының жұмысына көмектескен тұлғаларға қатысты 20 жылға бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылатын ерекше ереже қолданылады.

Тәжірибе бұл ережелер қылмыс жасауға дайындалған тұлғаларға, әсіресе террористер арасына кездейсоқ еніп кеткен жағдайда (мысалы, жағымсыз жағдайлар себебінен, аяқ асты болған жағдай) жағымды әсер ете алмайтындығын көрсетті. Осындай нормаларды заңнамаға кіргізу қажеттілігіне дәлел Францияның Қылмыстық кодексінің 4-кітабының II-бөлімінің 2-тармағына («Ерекше ережелер») ешбір өзгеріссіз енгізілу фактісі бола алады [4].

Германия Конституциясына 80-ші жылдардың ортасынан бастап экстремистік ұйымдардың кез келген әрекеттеріне тыйым салушы арнайы түзетулер енгізілген. Германия Федеративті Республикасының Негізгі Заңында: діни наным-сенімі немесе саяси көзқарастарына байланысты ешкімге қиянат жасауға немесе басымдылық танытуға болмайды; адамдардың діни наным-сеніміне, ар-намыс бостандығы мен дүниетанымдарына қол сұғуға тыйым салынады; мемлекет діни дәстүрлердің кедергісіз қолданылуына кепілдік береді; мақсаты мен әрекеттері қылмыстық заңдарға қарсы келетін немесе конституциялық құрылымына немесе халықтар арасындағы өзара түсіністік идеясына қарсы бағыттағы бірлестіктер қызметіне тыйым салынады; мемлекеттік қызмет атқару және мемлекеттік қызмет ету барысында берілген құқықтар, азаматтық және саяси құқықтарды пайдалану діни наным-сеніміне байланысты тәуелді емес деп көрсетілген (3, 4, 9, 33-б.) [5].

ГФР Қылмыстық кодексінде азаматтар мен діни бірлестіктерді кемсітіп (егер діни әдет-ғұрыптар қоғамдық тәртіпті бұзуға бағытталмаған жағдайда), оларды өткізуге кедергі жасағаны үшін үш жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе ақшалай айыппұл салу қарастырылған (130, 166, 167-б.) [6].

АҚШ-та экстремизмнің кез келген көріністеріне қарсы күрес жүргізу мемлекет ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең маңызды міндеті болып табылады. Қарулы экстремизм — заңсыз қолданылған немесе күшпен қауіп төндіру, адамдарды немесе жеке меншікті мәжбүрлеу немесе үкімет пен қоғамды қорқыту үшін саяси, діни немесе идеологиялық мақсаттар үшін қарулы күш көрсету деп белгіленеді [7].

АҚШ мемлекеті президентінің 1998 жылғы қазан айында конгреске ұсынған «Келесі жүзжылдықтағы ұлттық қауіпсіздік стратегиясы» деп аталатын баяндамасында халықаралық терроризм қауіпі өз масштабы бойынша жаһандық қауіпке жататындығы туралы айтылған болатын. Халықаралық терроризмге қатысты АҚШ төмендегідей қағидаларды ұстанады: террористермен келісімге келмеу; терроризмге қолдау көрсетуші елдерге жан-жақты қысым жасау; халықаралық террористерді жазалау үшін заңды механизмдерді толығымен қолдану; осы мақсатта өзге мемлекеттерге көмектесу.

Қазіргі таңда терроризммен күреске үлкен мән беретін АҚШ осы мақсатта өз заңнамаларын каталдандыруда: 1958 ж. мен 1999 жылдар аралығында діни экстремизм мен терроризмге қандай да бір қатысы бар 40 құқықтық актілер қабылданса, оның ең маңыздысы 1995 жылғы маусым айында қабылданған президенттің № 39 Құпия атқару директивасы, 1996 жылғы сәуір айында қабылданған Терроризммен күресуді күшейту туралы заңы және 1998 жылғы мамыр айында қабылданған № 62 Атқару директивасы [8].

Терроризмге қарсы қызметке АҚШ қарулы күштері тартылып, ол үшін сәйкесінше құқықтық және ұйымдастырушылық-қызметтік негіздер әзірленген. Терроризмге қарсы қарулы күштер қызметіне қатысты негізгі құқықтық ережелерге американдық мамандар төмендегілерді жатқызады:

- террористік актілер жасалған жағдайда әскери құрылымдардың қатысуымен антитеррористік операциялар өткізу жағдайларын нақты белгілеу;

- әскери органдардың, құрылымдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеттерін Тергеу федералды бюросымен (ТФБ) міндетті түрде үйлестіру;

- барлық дәрежедегі командирлер АҚШ-ның континенталды бөлігінде және басқа жерлерде орналасқан әскери бөлім немесе әскери объектілерде заңдылық пен тәртіптің сақталуына жауапты. Сондықтан олардың кез келген террористік актілерге жауап ретінде барлық шараларды қолдану құқықтары бар. Шет мемлекетте шоғырланған әскери объектіге қарсы террористік актілер жасалған жағдайда командирдің жоғарыда айтылғанға ұқсас құқықтары бар, дегенмен, ол өз әрекеттерін сол мемлекет өкілімен және АҚШ мемлекеттік департаментімен келісуі қажет;

- өздері орналасқан аумақтан тыс жерлерде терроризммен күресу шараларына қарулы күштерді пайдалану президенттің директивті нұсқауы бойынша ғана жүзеге асырылады [9].

АҚШ Қарулы күштерінің терроризмге қарсы қызметінің осы құқықтық негіздері әскери құрылымдарды ұйымдастыру мен олардың қызметтерінің базасы болып табылады. Олардың мақсаты — терроризмге қарсы шараларды уақытылы және мұқият жоспарлау, даярлану және жүзеге асыру. АҚШ құрылымындағы әскерінің әскери полиция мектебінде мұндай әрекеттерді жоспарлау моделі төмендегі кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

- барлау жұмыстарын жүргізу;

- ықтимал қауіпті талдау және бағалау;

- қорғаныс министрлігінің әскери және азаматтық қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, материалдық-техникалық құралдарды, қару-жарақ пен әскери техниканы және әскери объектінің өзін қорғау;

- органдар мен лауазымды тұлғалар арасында заңды жауапкершілікті бөлу;

- дағдарыс жағдайындағы, яғни, террористік акт жасалған соңғы немесе жасалуы мүмкін болған жағдайдағы әрекеттер т.б.

Қазіргі таңда АҚШ жасаған терроризмге қарсы күрес жүргізу жүйесі қалаулы нәтижелерге қол жеткізіп келеді десе болады.

1988 жылы *Италияда* жаңа қылмыстық іс жүргізу кодексі шығып, онда соттың конституциялық қағидаларын сақтау және жеке тұлға құқықтарын қорғау қажеттілігі аталды. Италияның жаңа ҚДЖК-де ұлттық және діни алауыздықты, кемсітушілік идеяларын дәріптейтін ұйымдар құруға және олардың әрекет етуіне тыйым салынған, оларды ұйымдастырушылар мен қатысушыларды және оларға ықпал етуші тұлғаларды жазалау шаралары, сондай-ақ тыйым салынған эмблемалар мен символдарды қоғамдық орындар мен ереуілдерде көрсеткені үшін қылмыстық жауапкершілік бекітілген [10].

Терроризммен тиімді күрес жүргізу мақсатында итальяндық заңнама реттелген қылмыстық-іс жүргізушілік және әкімшілік құқықтар қарастыратын ерекше тергеу тәсілдерін қолданады.

Үндістанда 1998 жылы Қылмыстық кодексі 153 А-бабымен толықтырылып, онда «үнді азаматтарының әр түрлі таптары» арасында алауыздық немесе жеккөрушілікті тұтатқаны үшін жауапкершілік бекітілген [11].

Жапония Конституциясының 14,19 және 20-баптарында барлық адамдар заң алдында тең құқылы және саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан нәсілі, діні, жынысы, әлеуметтік жағдайы мен шыққан тегіне қатысты кемсітуге тыйым салынады; ой мен ар-намыс бостандығы бұзылмауы тиіс және ол үшін кепілдік беріледі; бірде-бір діни ұйым мемлекет тарапынан ешқандай басымдылық алмауы және ешқандай саяси билікті пайдаланбаулары тиіс; кез келген діни актілер мен мейрамдарға, жора-жолғылар мен әдет-ғұрыптарға қатысуға ешкімді мәжбүрлеуге болмайды; мемлекет пен оның органдары діни оқулар мен қандай да болмасын діни әрекеттер жасаудан аулақ болуға тиіс, — деп көрсетілген.

Жапонияның мемлекеттік полициялар басқармасының экстремизм мен терроризмді ескерту мен оның алдын алуға байланысты тәжірибесі де мақұлдарлықтай деп есептейміз. Онда офицерлерді белсенді халықаралық террористік топтар туралы ақпараттар жинақтау мақсатында болашақта террористік әдістерге жүгінуі мүмкін топтарды анықтап, нақты және толық ақпараттар алып, тәжірибе алмасу үшін шет елдерге жібереді. Террористік актілердің алдын алу мақсатында қажетті жағдайларда өзге мемлекеттерге тиісті органдармен ақпарат, тергеу әдістерін зерттеу, кепілге адамдар алған тұлғалармен сөйлесу және террористік актілердің алдын алуға бағытталған басқа да әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында сарапшылардан тұратын командалар жіберіледі [12].

Ұлыбритания экстремизммен күресте белгілі бір жетістіктерге қол жеткізіп, осы бағыт бойынша тәжірибе жинақтаған мемлекеттер қатарында.

Ұлыбританияда 2005 жылдың наурыз айында «Терроризмнің алдын алу туралы» Заң қабылданып, онда экстремизм мәселелері де қарастырылды. 2007 жылғы сәуір айында Лондонда болған лаңкестілік актілерінен кейін экстремистік идеялардың таралуын тоқтату мақсатында «Күш көрсететін экстремизмнің алдын алу» (Preventing Violent extremism) бағдарламасы қабылданды [13–16]. Ол алдын алу, қудалау, қолдау көрсету және дайындық түріндегі төрт қағидаға негізделді. Оның нәтижесінде ПД Ұлыбритания парламентіне экстремизмге қарсы күресуге байланысты шараларды, соның ішінде экстремизм немесе заңсыз, сонымен қатар қоғамдық қауіпті әрекеттерімен күдікті болған немесе байқалған шет ел азаматтарының Бірлескен Корольдікке кіруіне жол бермеу көрсетілген тізімді ұсынды [17]. Сөйтіп, Ұлыбритания үкіметі шет ел азаматтарының елге кіру ережелерін қатайту туралы шешім қабылдаған соң, ПД басшысы экстремистік бағытты ұстанушы барлық адамдар үшін ел есігінің жабық екендігі туралы хабарлады. 2006–2009 жылдар аралығында Ұлыбританияға кіру үшін алатын виза 230 адамға осы негіздер бойынша берілмесе, оның 80-і діни-экстремистік бағытты ұстанушы тұлғалар болып танылды.

2014 жылғы қараша айында Қытай Халық Республикасының Синьцзян-Ұйғыр автономды ауданының билігі діни экстремизмге қарсы күрес жүргізу саласында жаңа шаралар қабылдағандығы туралы жариялады. Діннің кез келген сыртқы әсерлерге өте сезімтал құбылыс екендігі белгілі. Сондықтан да оған әсер ету түрлері тыйым салушылық, директивті сипатқа ие болса, сол дін өкілдерінің бұл үрдіске деген қарым-қатынастарының жағымсыз болуы мүмкін.

ҚХР Конституциясына және «ҚХР ұлттық аудандық автономиясы туралы» Заңына сәйкес 1955 жылғы 1 қазанда Синьцзян-Ұйғыр автономды ауданы (СҰАА) құрылып, оның астанасы — Үрімші қаласы болып жарияланды. Халық саны 17 млн шамасында, 47 ұлт өкілі өмір сүреді. Ұйғырлар — 7,916 млн адам, (47%), қазақтар — 1,257 млн адам (7,4%), хуэй-дунган — 760,2 мың, қырғыздар — 165 мың, тәжіктер — 33,5 мың, өзбектер — 13,5 мың адам [18]. Осындай көп ұлтты болып саналатын Синьцзян-Ұйғыр автономды ауданы Қытай мемлекетінің діни экстремизм мен терроризмнің етек жаюына өте қолайлы және жергілікті билік өкілдері үшін проблемалы әкімшілік ауданы болып саналады.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген діни экстремизмге қарсы күрес жүргізу саласындағы бұл заңның дінге тигізер әсері зор деп күтілуде. Себебі солтүстік-батыс Қытай, оның ішінде Синьцзян-Ұйғыр автономды ауданы (СҰАА) Орталық Азиямен шекаралас. Олардың табиғи және климаттық жағдайы ұқсас, әлеуметтік-экономикалық мәдениеттері бауырлас. Олардың ортақтылығы осымен бітпейді. Кейбір ғалымдар, егер 60–70-ші жылдары экстремизмнің шарықтау шегі Еуропаға келсе, енді ол бұрынғы кенестік мемлекеттерге ауысқандығын дәлелдеуде. Ал Орталық Азияда олардың қызметтері үшін аса жайлы саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-психологиялық және геосаяси жағдай бар [19].

Сондықтан да Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай мемлекеттері арасында халықаралық экстремизм және терроризм сияқты жағымсыз құбылыспен күресуге бағытталған «Шанхай бестігі» құрылды. Осы әрекеттен басқа ҚХР басшылығы 20 жылдан астам уақыт бойы дін мәселесіне араласудан бойын аулақ салып, діни экстремизммен күресуге бағытталған басқа арнайы ұйғарым шығармағандығы белгілі. Ал қазіргі жағдай (осы мақсатта жаңа технологияларды қолдану) үкімет басшылығынан жаңа, батыл шешімдер қабылдауды талап етеді.

Ал 18 баптан тұратын жаңа ереже экстремизм дегеніміз не, оған қандай әрекеттер жатады, осы құбылыстың таралуын болдырмау мақсатында, қандай діни қызмет салаларына шектеу қойылатындығы сияқты сұрақтарға нақты жауап береді. Жаңа нормаларға сәйкес діни экстремизмге байланысты киімдер киіп, белгілер тағуға тыйым салынады, дегенмен, мәтінде киім мен белгілердің нақты түрлері көрсетілмеген. Сондай-ақ діни объектілер ішінде де, сыртында да жиһад, діни экстремизмге байланысты бейнематериалдар көріп, оны таратуға тыйым салынады. Діни ұйым қызметкерлері мен қошбашылары діни экстремизмге қатысы бар кез келген жағдай туралы тиісті органдарға хабарлауға міндетті.

Жаңа нормаларға сәйкес жеке тұлғаларға интернет желісі, ұялы телефондар мен сандық қосымшалар арқылы діни экстремизм идеяларына, ұлттық бірлікке ірткі салуға, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық алауыздықты өршітуге бағытталған әрекеттері үшін 5000-нан 30000 юаньға (\$807–\$4847) дейін айыппұл салу қарастырылған.

Соңғы жылдар ҚХР үшін аса ауыр жыл болды. 2014 жылдың өзінде-ақ төрт теракт жасалып, діни экстремизм және терроризмге қарсы күрес мемлекеттік биліктің барлық деңгейінде жүргізілуде. Пекиндегі теракттан соң КПК ОК 18 шақырылымының XII пленумында Ұлттық қауіпсіздік кеңесі құрылып, ол «жоғары буынды ведомствоаралық үйлестіруші орган» деп танылып, оған ҚХР ішімен қатар, халықаралық дәрежедегі бүкіл терроризмге қарсы белсенділікке бақылау жасау қызметі жүктелді [20]. Мұнан басқа, масштабты терроризмге қарсы оқу шаралары жүргізіліп, полиция қызметкерлері мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші басқа органдардың біліктілік және техникалық жабдықтандыру деңгейлері қарқынды түрде арттырылып, тергеу жұмыстарын жақсарту, күдіктілерді іздеу мен төтенше жағдайларды реттеу мақсатында аймақаралық полиция қызметкерлері, темір жол, авиация қызметтерінің үйлесімділігі жақсартылуда.

Чех Республикасының (ЧР) экстремизмге қарсы күрес бойынша заңнамасы да назар аударарлық. Олардың Қылмыстық кодексінде экстремизм түсінігінің мазмұны ашылмағанмен, түсінік жиі қолданса ие. Мәселен, экстремизмге қатысты жыл сайын жасалатын баяндамада (1998 ж.) ЧР Ішкі істер министрлігі Әділет министрлігімен бірлесе отырып, Қауіпсіздік және барлау қызметінің, Сыртқы байланыс және ақпарат басқармасының, Сыртқы істер министрлігінің, Білім мен жастар және спорт министрлігінің, Мәдениет министрлігінің, Еңбек және әлеуметтік істер министрлігінің, Жоғары мемлекеттік прокуратураның, осы елдегі адам құқықтары бойынша Мемлекеттік кеңестің қатысуымен бірлескен жұмыс жүргізілетіндігі туралы айтылған. Экстремизм түсінігі ЧР ПМ-нің 2002 жылғы жұмыс қорытындысы туралы баяндамасында құқық нормаларынан айтарлықтай ауытқыған, интолеранттық элементтерін көрсететін және ЧР Конституциясының 1,2,5,6,9-баптарында және 1991 жылғы 9 қаңтарда қабылданған Негізгі құқықтар мен бостандықтар Хартиясының 1 және 3-баптарында қарастырылған конституциялық принциптерге озбырлық жасайтын идеологиялық позиция ретінде қалыптастырған. Чех Республикасы Конституциясының 3-бабына сәйкес бұл Хартия оның құрамдас бөлігі болып табылады [21].

Чех Республикасының Конституциясы бойынша Чехия адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрмет тұтуға негізделген егеменді, бірыңғай, демократиялық және құқықтық мемлекет (1-б.). Халық барлық мемлекеттік биліктің көзі болып табылады (2-б.). Конституцияның 5-бабында ЧР саяси жүйесі негізгі демократиялық қағидаларды құрметтейтін және өз мүдделерін қорғау құралы ретінде күшті жоққа шығаратын, еркін және ерікті құрылатын және еркін бәсекеге түсетін саяси партияларға негізделген делінген.

Негізгі құқықтар мен бостандықтар Хартиясының 1 және 3-баптарында адам ар-намысы мен бостандықтары бойынша еркін және тең болып табылады; негізгі құқықтар мен бостандықтар бөлінбейді, ескірмейді және алынып тасталмайды, құқықтарына адамдардың жынысына, нәсіліне, терісінің түсіне, тілі, діні мен сеніміне, саяси немесе басқа ұстанымдарына, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, ұлттық немесе этникалық аз халыққа жатуына, мүліктік жағдайына немесе басқа жағдайларына қарамастан, кепілдік беріледі.

Жоғарыда аты аталған жыл сайынғы экстремизмге байланысты жасалатын баяндамада «экстремистік мағынадағы қылмыс» ұғымына немесе «нәсілдік, ұлттық немесе басқа әлеуметтік жеккөрушілікпен уәжделген қылмыстар» түсінігіне жататын қылмыстар тізімі берілмеген. Бірақ соттарға экстремизм факторларын қарау барысында келесі қылмыстарды ескеру керек екендігі белгіленген:

- 1) қоғамдық қауіптілік;
- 2) адамдар тобына немесе жеке адамдарға қатысты күш көрсету;
- 3) ұлтқа, нәсілге немесе нанымдарға байланысты жала жабу;
- 4) ұлттық немесе нәсілдік алауыздық туғызу;
- 5) қоғамдық тәртіпті бұзу;
- 6) ауыр өлім;
- 7) денсаулыққа зиян келтіру;
- 8) адам бостандығына шектеу жасау;
- 9) бопсалау;
- 10) сенім еркіндігін шектеу;
- 11) бірлестіктер мен жиындар бостандығы құқықтарын бұзу;
- 12) өзге тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру;
- 13) геноцид;
- 14) адам құқығы мен бостандығын басуға бағытталған қозғалыстарды насихаттау және оған қолдау жасау;
- 15) тұрғындарды қудалау.

Баяндамада экстремистік идеология қолданыстағы демократиялық, саяси және экономикалық жүйеге қарсы бағытталған құрылымдық әрекетке айналуы мүмкін деп атап көрсетілген. Әрекеттің осы түрімен Заңның 5 (а) бөліміне сәйкес 153/1994 Қауіпсіздік және сыртқы барлау қызметі айналысуы қажет. Баяндамада көрсетілген 1998–2009 жылдарғы мәліметтер бойынша, экстремистік бағыттағы қылмыстар саны жыл санап өсіп келеді, тек 1998 жылы ғана өзге жылдармен салыстырғандағы осы қылмыс түрінің саны 26 қылмыстық іске кем болған. Осы қылмыс түрінің ең төменгі көрсеткіші 1996 жылы — 131 тіркелген қылмыс болса, рекордтық саны 2002 жылы тіркелген — 473 қылмыс (кестені қара).

К е с т е

Чех Республикасындағы экстремистік бағыттағы тіркелген қылмыстар санының динамикасы

Жылы	1998	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008
Барлығы	133	316	364	452	473	335	366	253	248	196	217

Чех Республикасында 2000–2008 жылдар арасында экстремистік бағыттағы ең кеңінен тараған қылмыс түрі адам құқығы мен бостандығын басуға бағытталған қозғалыстарды насихаттау және оған қолдау жасау (ЧР ҚК 260,261-б. 1961 ж.), ұлтқа, нәсілге және сенімге байланысты жала жабу (ЧР ҚК 196 (2)-бөлім, 1961 ж.), адамдар тобы немесе жеке адамдарға қатысты күш көрсету (ЧР ҚК 196 (1) бөлімі, 1961 ж.) болып табылады.

Сонымен, Чех Республикасында ұлттық заңнама экстремизммен күрес жүргізу және оның алдын алу мәселелері бойынша жетілдірілу үстінде.

Испанияның қылмыстық кодексі (1995 ж.) мен «Қарулы банд және лаңкестік элементтерімен күрес туралы» Заңында алдын алу сипатындағы нормалар қарастырылған. Мысалы, қылмыстық кодекстің 579-бабы өзінің қылмыстық әрекетін өз еркімен тоқтатқан және өзінің істеген қылмыстары туралы мойындап, билік алдына келген, сондай-ақ қылмыс жасаудың алдын алу бойынша билікке көмек көрсеткен немесе жауапкершілікке тартылуға тиіс адамдарды табуға немесе тұтқынға алуға айтарлықтай көмек көрсеткен қарулы құрылымдар немесе өзі қатысқан яки көмек көрсеткен террористік топтардың әрекеттерін тоқтатуға я ажыратуға жәрдем көрсеткен тұлғалардың жазаларын бір немесе екі сатыға азайтуды қарастырады. Осы Заңның 6-бабына сәйкес өз кінәсін мойындаған тұлға, егер оның жасаған әрекеттері басқа қылмыс құрамын құрамайтын болса және оның белсенді көмегі басқа қылмыскерді анықтауға, қылмысты ескертуге немесе қылмыстық нәтиженің алдын кесуге, сондай-ақ қарулы бандиттік, лаңкестік және тағы басқа құқық

бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік берсе, онда заңнама тұлғаны қылмыстық жауапкершіліктен толығымен босатуды да қарастырады.

Шетелдік тәжірибе заман талабына сәйкес көптеген елдерде діни экстремизмге қарсы тұру шараларының жылдан жылға оңтайланып, қолдану тиімділігінің артып бара жатқандығын көрсетеді. Мұндай тенденцияны, әсіресе шет елдік үкіметтік емес ұйымдар тәжірибесінен жақсы аңғаруға болады. Сонымен қатар соңғы жылдары БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің де белсенділігінің арта түскендігін байқауға болады. 1999 жылы қабылданған 1269-Резолюция террористік актілерге қарсы тұру бойынша шаралардың бастамасы болып табылады. Сондай-ақ 2002 жылғы 1373-Резолюция мен 2004 жылы қабылданған 1566-Резолюциялардың да экстремизм мен терроризмге қарсы күресуде маңызы бар құжаттар болып табылады. Қауіпсіздік Кеңесінің терроризммен күрес жүргізуге қосылуы БҰҰ-ның осы бағыттағы ролін күшейте түсті. Сонымен қатар Шанхай Ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), ТМД қатысушы-мемлекеттері, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) шеңберінде де діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары қабылданды. 1999 жылғы 4 маусымда Минскіде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) мемлекет-қатысушыларының ынтымақтастығы туралы келісім-шартқа қол қойылса, 2000 жылғы 21 сәуірде Ташкентте Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Тәжікстан Республикалары арасында терроризм, саяси және діни экстремизмге қарсы күрес жүргізуде бірлесіп әрекет ету туралы келісім-шартқа қол қойылды. 2001 жылғы 15 маусымда Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстан мемлекеттері арасында терроризм және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай Конвенциясына қол қойылды.

Терроризмге қарсы күрес жүргізу мақсатында Мәскеуде терроризмге қарсы орталықтар, Ташкентте ШЫҰ мүшелерінің аймақтық терроризмге қарсы орталықтары ашылып, жыл сайын Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына қатысушы-мемлекеттердің террористік топтарды залалсыздандыру және жою бағытындағы бірлескен әскери жаттығулары өткізіледі. Мұндай жаттығулар ҚХР, Ресей Федерациясында, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстан Республикаларында өткізілді. Бұл шаралардың барлығы соңғы жылдары Орталық Азия аймағында қауіпсіздік деңгейінің төмендегенімен байланысты. Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесіне кері әсерін тигізетін фактордың бірі — заңсыз көші-қон көлемінің уақыт өткен сайын өсіп бара жатқандығы. Өйткені бүгінде Орталық Азия мемлекеттерінің аумағы Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен Еуропаға заңсыз көші-қонды жеткізуші транзиттік база ретінде пайдаланылуда. Сонымен қатар Ауғанстанда героин өндірудің көлемі жыл өткен сайын өсе түскендігі өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кері ықпалын тигізуде. Есірткі трафиінің негізгі бағыттары көршілес мемлекеттердің аумақтары арқылы өтуде. Бұл біздің еліміздің аумағында да халықаралық есірткі құрылымдарының орнығуын және ел ішінде есірткі заттарын қолданушылар санын өсіруі мүмкін. Бұларға қоса Орталық Азия өңіріне мүдделерін өткізгісі келетін әлемдегі жетекші мемлекеттердің геосаяси ойындарын да жоққа шығара алмаймыз.

2009 жылғы ақпан айында ҰҚШҰ шеңберінде терроризм және экстремизммен күресу бойынша Ұжымдық жедел ден қою күштері құрылды, ал 2009 жылғы 16 маусымда ШЫҰ-на мүше-мемлекеттердің басшылары Екатеринбургте (РФ) терроризм сияқты жағымсыз құбылыстың жаңа үндеулері мен қауіпін есепке ала отырып, ШЫҰ-ның Конвенциясына қол қойды.

Сингапурлық ғалым Р. Гунаратна терроризммен күрес тек Батыстың ғана мойнына түскен ауыртпалық емес, Шығыс пен Батыс арасындағы серіктестік болуға тиіс, себебі исламистік террористік топтардың басым бөлігі мұсылмандар, әсіресе араб елінен шыққандықтан, осы аймақтың адамдары террористік дүниетанымға қарсы тұрудың әдістері, технологиялары мен құралдары туралы жақсы білулері ықтимал дегенді айтады [22].

Терроризмнің бұрынғы көпқырлылығы мен болашақта оның басқа өңге ие бола білу мүмкіндігі нәсіл, діни, әлеуметтік тегіне қарамастан, бүкіл адамзат баласын осындай қатыгездікпен күресуге шақырады. Экстремизм мен терроризм сынды жауыздықтың түсі мен түрі де, діни наным-сенімі де, таптық белгісі де болуы мүмкін емес. Дегенмен, ол ешкімді де аямайтын, әлеумет үшін деструктивті құбылыс болғандықтан, оны бүкіл әлем болып бірлесіп қана жеңе алатынымызға көз жеткізіп келеміз.

Мақала шеңберінде діни экстремизм және терроризммен күрес жүргізуге байланысты әр түрлі мемлекеттер заңнамаларын зерделей отыра, осындай жағымсыз құбылыспен халықаралық деңгейде күресуде тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында төмендегідей тың ұсыныстар жасағымыз келеді:

- біріншіден, БҰҰ-на мүше-мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында «діни экстремизм» және «терроризм» түсініктері мен сәйкесінше мұндай қылмыс жасаған тұлғаларға тағайындағандар жаза түрі мен мерзімі бірдей болуы керек;
- екіншіден, террористік қылмыстар конституциялық және қоғамдық құрылымды жоюға бағытталатындықтан, оларды халықаралық деңгейде аса қауіпті мемлекеттік қылмыстар қатарына жатқызу қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Предупреждение и борьба с терроризмом: российский и зарубежный опыт законодательного регулирования. — [ЭР]. Режим доступа: [http://www. http:www.antiterror.ru](http://www.antiterror.ru) (дата обращения: 12.02.2015)
- 2 Уголовный кодекс Голландии / Пер. с англ.: И.В. Мироновой. — СПб.: Изд-во «Юридический центр Пресс», 2001. — С. 33.
- 3 Уголовный кодекс Канады 1955. — М.: Норма, 2005. — С. 17.
- 4 *Кобец П.Н.* Законодательные основы предупреждения терроризма в европейских странах и необходимость совершенствования российского законодательства с учетом международного опыта // Международное публичное и частное право. — 2009. — № 1.
- 5 Конституция Германии (Основной закон) 1949 г. — М.: Норма, 2003. — 88 с.
- 6 Уголовный кодекс ФРГ / Пер. с нем. А.В. Серебrenникова. — М.: Зерцало-М, 2001. — 358 с.
- 7 *Камышев Д.* Борьба с экстремизмом вышла из моды. — [ЭР]. Режим доступа: [http://www. http://www.kommersant.ru](http://www.kommersant.ru) (дата обращения: 12.02.2015)
- 8 National Strategy for Combating Terrorism, September, 2006. — [ER]. Access mode: [http://www. http: whitehouse.gov](http://www.whitehouse.gov) (дата обращения: 12.02.2015)
- 9 The National Security Strategy of the United States of America. 2006. — [ER]. Access mode: [http: whitehouse.gov/nsc/nss/2006](http://whitehouse.gov/nsc/nss/2006) (дата обращения: 12.02.2015)
- 10 Уголовно-процессуальный кодекс Италии / Под. ред. А.Н. Козырина. — М.: Норма, 2006. — С. 155.
- 11 *Никифоров Б.С.* Уголовное законодательство Республики Индии. — М.: ГИЮЛ, 2006. — С. 98.
- 12 Белая книга полиции Японии 1997 г. / Пер. на рус. яз. А.В. Пономоренко. — 1999. — [ЭР]. Режим доступа: [http: http://crime.vi.ru/docs/books/wbook.htm](http://crime.vi.ru/docs/books/wbook.htm) (дата обращения: 12.02.2015)
- 13 Пакет по борьбе с экстремизмом, представленный Министром внутренних дел Великобритании в Парламент 27 октября 2008 г. // Мир сегодня. — 2008.
- 14 The UK Prevention of Terrorism Bill, adopted on the 24 th of Marh, 2006 // Preventing Violent Extremism: Next Steps For communities. — 2008. — [ER]. Access mode: www.publications.parliament.uk
- 15 The European convention on Human Rights // СПС «Консультант Плюс». — [EP]. Режим доступа: www.base.consultant.ru
- 16 UK Preventing Violent Extremism Programme. Launched in april 2007 // Preventing Violent Extremism: Next Steps For communities. — 2008.
- 17 Сайт полиции Графства Суррей, Великобритания, страница «Prevent Violent Extremism». — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.surrey.police.uk/safety/prevent.asp> (дата обращения 01.12.2013)
- 18 Синьцзян Китая. Пресс-канцелярия Народного правительства СУАР. — Пекин, 1999. — С. 25–27.
- 19 *Бурханов К.Н. и др.* Экстремизм в Центральной Азии // Институт России и Китая. — Алматы: КИСИ, 2000. — С. 5–6.
- 20 Китай и Казахстан решили совместно бороться с терроризмом — 2015. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1054672680> (дата обращения 01.12.2013 г.)
- 21 *Бешукова З.М., Прохоров Б.А.* Законодательные и правоприменительные аспекты противодействия экстремизму: анализ опыта Чешской Республики // Российский следователь. — 2011. — № 8.
- 22 Гунаратна Розн. Реагирование на структурные и оперативные задачи ... глобального джихада после событий 11 сентября // Консорциум «Партнерство ради мира». — Весна. — 2005. — Т. IV. — № 1. — С. 44, 90–91.

Д.К.Райбаев

Международный опыт по борьбе с религиозным экстремизмом и терроризмом

В статье рассматриваются такие явления, как религиозный экстремизм и терроризм, которые порождают опасность для всего человечества и не находят своего должного решения на международном уровне. Делается обзор законодательств некоторых стран Западной Европы, Восточных и Центрально-Азиатских стран по борьбе с религиозным экстремизмом и терроризмом и их профилактике. Автор пытается раскрыть специфические особенности законодательства каждого государства. В заключение сформулированы предложения по предупреждению религиозного экстремизма и терроризма на международном уровне.

International experience in the fight against extremism and terrorism

This article is devoted to consideration of such a negative phenomenon as religious extremism and terrorism that pose a danger to all mankind and not find its proper decisions at the international level. The researcher makes an overview of the legislations of some Western, Eastern and Central Asia countries on combating and prevention of religious extremism and terrorism. Tries to reveal the specific features of the legislation of each country. The author makes an attempt to formulate proposals on the prevention of religious extremism and terrorism at the international level.

References

- 1 Prevention and the fight against terrorism: Russian and foreign experience of legal regulation, [ER]. Access mode: <http://www.antiterror.ru> (the data of: 12.02.2015)
- 2 Criminal Code of the Netherlands, tr. with Engl. I.V. Mironova, Saint Petersburg: «Izdatelstvo Yuridicheskiiy tsentr Press», 2001, p. 33.
- 3 Criminal Code of Canada in 1955, Moscow: Norma, 2005, p. 17.
- 4 Kobets P.N. *Mezhdunarodnoe publichnoe i chastnoe pravo*, 2009, 1.
- 5 German Constitution (Fundamental Law) of 1949, Moscow: Norma, 2003, 88 p.
- 6 Penal Code Germany, tr. with it. Germany A.V. Serebrennikova, Moscow: Zertsalo-M, 2001, 358 p.
- 7 Kamyishev D. *The fight against extremism out of fashion*, [ER]. Access mode: <http://www.kommersant.ru> (the data of: 12.02.2015)
- 8 National Strategy for Combating Terrorism, September, 2006, [ER]. Access mode: <http://www.whitehouse.gov> (the data of: 12.02.2015)
- 9 The National Security Strategy of the United States of America, 2006, [ER]. Access mode: <http://whitehouse.gov/nsc/nss/2006> (the data of: 12.02.2015)
- 10 The Criminal Procedure Code Italy, edit.: A.N. Kozyrin, Moscow: Norma, 2006, p. 155.
- 11 Nikiforov B.S. *The criminal legislation of the Republic of India*, Moscow: GIYUL, 2006, p. 98.
- 12 Police White Paper Japanese 1997 / Tr. in Russian. language: A.V. Ponomorenko, 1999, [ER]. Access mode: http://crime.vi.ru/docs/books/w_book.htm (the data of: 12.02.2015)
- 13 *Mir segodnya*, 2008, October, 27.
- 14 *Preventing Violent Exstremizm: Next Steps For communities*, 2008, [ER]. Access mode: www.publications.parliament.uk
- 15 *SPS «Konsultant Plyus»*, [ER]. Access mode: www.base.consultant.ru
- 16 *Preventing Violent Exstremizm: Next Steps For communities*, 2008.
- 17 *Site Police Surrey, United Kingdom, Page*, [ER] Access mode: <http://www.surrey.police.uk/safety/prevent.asp> (the data of: 01.12.2013)
- 18 *China's Xinjiang. Press — Office of the People's Government of Xinjiang Uygur Autonomous Region*, 1999, p. 25–27.
- 19 Burhanov K.N. et al. *Extremism in Central Asia, Proc.: Institut Rossii i Kitaya*, Almaty: KISI, 2000, p. 5–6.
- 20 *China and Kazakhstan have agreed to jointly combat terrorism in 2015*, [ER]. Access mode: <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1054672680> (the data of: 01.12.2013)
- 21 Beshukova Z.M., Prohorov B.A. *Rossiyskiy sledovatel*, 2011, 8.
- 22 Rohan Gunaratna. *Konsortsium «Partnerstvo radi mira, Vesna*, 2005, IV, 1, p. 44, p. 90–91.